

Дәріс № 5. Халықаралық жүйе.

Дәріс жоспары:

1. Халықаралық жүйенің құрылымдық ерекшеліктері.
2. Халықаралық қатынастар теориясы және халықаралық жүйе.
3. Халықаралық жүйенің даму тарихы.

Дәріс мақсаты: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін халықаралық жүйенің танымын жасай алады. Халықаралық жүйенің жұмысына әсер ететін факторлерді түсінеді. Өртүрлі теориялардың халықаралық жүйеге көзқарасын ажырата алады. Тарихи үдерісі бойынша пайда болған әртүрлі халықаралық жүйелерді сыныптандыра алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады. Сонымен қатар, жүйе деген не, анархияның танымын, Вестфалия келісімін, Еуропа концерті, Қырғи қабақ соғыс, Парсы шығанағындағы соғысы секілді оқиғалардың жай- жапсарын түсінеді.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

Дәріс мәтіні:

1. Халықаралық жүйенің құрылымдық ерекшеліктері.

Халықаралық жүйе ұғымы алдыңғы тарауларда айтылған теориялармен әр түрлі тұрғыдан қарастырылды. Әрбір теория жүйеге әсер ететін факторларды және оның өзіндік теориялық көзқарастары аясында жүйені құрайтын бірліктерге әсерін теориялық тұрғыда түсіндіруге тырысты. Реалистер мен марксисттер үшін халықаралық жүйе талдаудың негізін құрайды. Либералдар жүйені тек өзгеріп тұратын түсіндіруші ретінде қолданады.

Халықаралық жүйені түсіну үшін, ең алдымен, жүйе ұғымы түсіндірілуі керек. Бір анықтамаға сәйкес, жүйе «өзара тәртіпті түрде үнемі жұмыс жасайтын, бір-бірінен тәуелсіз бірліктер мен нысандарды біріктіру арқылы қалыптасқан тұтас бүтін» (Mingst, 2008: 81). Бұл бірліктер бір-бірімен үнемі әрекеттесетін болғандықтан, бір бірлікте болатын өзгеріс барлық басқа бірліктердің өзгеруіне себеп болады. Жүйенің үздіксіз жұмыс істеп тұруы жүйені қалыптастыратын әрбір бөліктің дұрыс жұмыс істеуіне байланысты. Сондықтан, жүйенің маңызды ерекшеліктері ретінде жүйелілігі және оның жұмысындағы болжамдылығы деп айтуға болады. Жүйе ұғымы - физика және биология сияқты ғылымда қолданылатын негізгі ұғымдардың бірі. Жүйелер микро (жасуша, өсімдік, жануарлар) және макро (табиғи экожүйе немесе жаһандық климат) деңгейде кездесетін әр түрлі блоктардан тұруы мүмкін.

Бір жүйені екіншісінен бөлетін шекаралар әрдайым болады, бірақ бұл әр түрлі жүйелер айқын сызықтармен бөлінеді дегенді білдірмеуі керек. Әр түрлі жүйелер арасында алмасу әрдайым мүмкін. Сонымен қатар, жүйе өзін құрайтын бөліктердің дұрыс жұмыс істемеуі немесе жүйедегі маңызды өзгерістің нәтижесінде кез келген уақытта ыдырауы мүмкін. Бұл жағдайда құлаған жүйені жаңа жүйе ауыстырады.

Жүйе ұғымын әлеуметтік ғылымдарға, әсіресе саясаттану ғылымына енуі 1950 жылдары пайда болған Модернизм(Бихавиорализм) ағымы мен Саяси Реализм арқасында болды. Бұл ағымдардың сол кездегі зияткерлік ортада кеңінен қабылдануы көптеген саясаттанушыларды жүйе теориясы терминін қолдана отырып халықаралық саясатты жүйе ретінде тұжырымдауға итермеледі. Реалист және Модернизм(Бихавиорализм) ағымы, адамдардың жүйелі әрекет қалыптарымен қозғалатынын, араларындағы өзара ықпалдастықтың да әдеттегі үйреншікті дағдыдан пайда болатынын айта келіп, халықаралық саясаттың негізгі акторлары мемлекеттер болған бір жүйе деп есептейді. Жүйе ұғымы халықаралық саясат пәнінде теориялық көзқарастардың негізгі зерттеу тақырыбына айналды. Осы теориялық тәсілдердің жүйеге қатысты жұмысы әдетте, өзгерістердің қалай пайда болатындығына назар аударды (Mingst, 2008: 82).

Бүгінгі күні мемлекеттер жүйеде жалғыз актор емес, алайда мемлекет тысындағы өзге акторлар арасында басымдылыққа ие деген көзқарас кең тараға

Қоғамдық өмірдің көптеген салаларында әртүрлі жүйелерге кездесуге болады. Бұл жүйелер отбасы, мектеп, сынып сияқты микро деңгейлі жүйелер болған секілді бүкіл елді қамтитын макро деңгейлі жүйелер де бола алады. Халықаралық жүйе де макро деңгейдегі жүйе болып табылады.

Әлеуметтік ғылымдарда жүйе жеке адамдар немесе адамдар тобы арасындағы үздіксіз және болжанатын іс-әрекеттің заңдылығын білдіру үшін қолданылады. Осы тұрғыдан алғанда, жүйенің бөліктері жеке адамдар немесе адамдар тобы болып табылады. Әр бөліктің қозғалысы басқаларға және бүкіл жүйеге әсер етеді. Сонымен қатар, жүйені құрайтын бөліктер бір-біріне тәуелді. Осылайша, әр бөліктің күйі басқа бөліктердің әрекетіне байланысты болады. Сонымен, жүйені құрайтын бөліктердің өзара әрекеттестігі де тұтастай алғанда жүйенің негізгі сипаттарын анықтайды (Mansbach, 1994: 47).

Халықаралық жүйе - бұл халықаралық саясат жұмысында қолданылатын ең ауқымды талдау деңгейі. Біз халықаралық жүйені «акторлар арасында белгілі бір қағидаттар мен ықпалдастық ережелеріне сәйкес құрылымдалған қарым-қатынастар жиынтығы» ретінде анықтай аламыз (Goldstein, 1999: 12). Жүйе акторлары арасындағы бұл қатынастар жалпы іс-әрекет қалыптары мен белгілі бір ережелер аясында жүзеге асырылады деп айтуға болады. Бұл іс-әрекет құралдарының кейбіреулері анық, ал басқалары анық болмауы мүмкін. Бұл құралдар жүйе мүшелері кім екендігін және мүшелердің құқықтары мен міндеттері сияқты мәселелерді қамтиды. Халықаралық жүйе, басқа жүйелер сияқты, жүйелілік және болжамдылық принциптеріне сәйкес жұмыс істейді. Жүйеде осы принциптерге қарсы әрекеттердің болуы жалпы қағида емес, тек ерекше жағдай болып есептеледі.

Халықаралық жүйенің жұмысы, барлық өзге жүйелер сияқты, негізінен төрт негізгі факторға байланысты. Бұл факторларды келесідей тізбектеуге болады:

Құрылымдық ерекшеліктері

Барлық жүйелер кейбір негізгі құрылымдық ерекшеліктерге ие. Бұл құрылымдық ерекшеліктер билікті/күшті ұйымдастыру, акторлар және акторлардың арасындағы ықпалдастықтың деңгейі мен ауқымы сияқты мәселелерді қамтиды.

а. **Билікті/күшті ұйымдастыру.** Қандай да бір жүйенің, ережелер қою және оны орындата білу, шикізаттарды бөлу және басқа міндеттерді орындату барысында күштік/биліктік құрылымы әртүрлі жолдармен пайда болуы мүмкін. Бұл құрылымдарды негізінен *иерархиялық* және *анархиялық* деп екі топқа бөлуге болады. Билік тігінен ұйымдастырылған құрылымдар *иерархиялық құрылымдар* болып табылады. Бұл құрылымдарда ережелерді анықтайтын және оларды орындататын орталық билік/күш бар, ал оның қол астындағы бөлімшелер осы орталық билікке/күшке есеп береді. Ішкі саяси жүйелерді осындай иерархиялық құрылымдарға мысалы ретінде көрсетуге болады.

Басқа жүйелер, керісінше, көлденең(горизанталды) билік құрылымына ие. Мұндай жүйелер *анархиялық* жүйе деп аталады. Мұндай жүйелердің ең маңызды ерекшелігі - ережелерді орнатуға және олардың орындалуын бақылайтын жоғары биліктің/күштің болмуында. Халықаралық жүйе - осындай жүйе. Жоғарыда айтылғандай, жүйенің *анархиялық* болуының маңызды себебі - жүйенің негізгі қатысушылары болып табылатын мемлекеттердің егемен және тең болуы. Мемлекеттер егемендік қағидатының нәтижесінде кез-келген жоғары тұрған билікке есеп беруге міндетті емес (Rourke, 1999: 51).

Жүйенің *анархиялық* болуы, акторлар арасындағы қарым-қатынастар белгілі бір ереже аясында жүргізілмейді деген мағына туғызбауы тиіс. Жүйеде ережені белгілейтін биліктің болмауы ереженің де жоқ екені ретінде қабылданбауы тиіс.

Бүгінгі халықаралық жүйе билікті ұйымдастыруда бірқатар өзгерістерге ұшырады деп айта аламыз. Бүгінгі таңда тіпті қуатты мемлекеттердің халықаралық ұйымдар орнатқан ережелер мен халықаралық құқықтың негізгі қағидаларын ұстанатынын байқауға болады. Сол сияқты осы ережелерді бұзатын мемлекеттерге қарсы санкциялар

көбейіп келеді. 1999 жылы 24 наурызда НАТО-ның Сербияға жасаған әуе рейсі сербтердің косовалық албандарға қарсы жасаған зорлық-зомбылық әрекеттерін тоқтату мақсатында жасады. Мұны жүйеде дамып келе жатқан жаңа бағыттың мысалы ретінде көрсетуге болады. Бұл жаңа тенденция мемлекеттің өз ішіндегі іс-әрекетке де жауап беретіндей түрде жетіліп келуде. Атап айтқанда, жаңадан дамып келе жатқан **гуманитарлық араласу** ұғымы егемендіктің классикалық ұғымын қайта қарастыруға әкелді.

б. Акторлар. Жүйелердің тағы бір ерекшелігі - акторлар. Жүйедегі акторлардың құрылымы, түрлері және жүйеге әсерлері бір жүйенің құрылымдық ерекшеліктерін анықтайтын факторлар болып табылады. Халықаралық жүйе акторлары арасында мемлекеттер және жеке тұлғаларды да қамтитын мемлекеттік емес акторларды айтуға болады. (Халықаралық жүйедегі акторлардың сыныптандыру үшін осы кітаптың II- Бөліміне қараңыз).

б. Өзара әрекеттесу деңгейі және ауқымы. Кез-келген саяси жүйенің соңғы құрылымдық ерекшелігі - акторларының өзара әрекеттестіктегі салаларының ауқымы және осы өзара әрекеттестіктің жиілігі мен қарқындылығы. Қазіргі халықаралық жүйеде акторлардың өзара әрекеттесу салалары және осы өзара әрекеттестіктің қарқыны өткенге қарағанда едәуір артты. Бұл өсуді әсіресе экономикалық қатынастарда байқауға болады. Қазіргі уақытта мемлекеттер экономикалық қатынастар тұрғысынан өзара тәуелді бола бастады. Жаһандану нәтижесінде мемлекеттер басқалардан оқшау өмір сүруді жалғастыра алмайды.

Жаһандық өзара әрекеттесу деңгейінің жоғарылауы тек экономикалық қатынастарда ғана емес, сонымен қатар басқа да салаларда байқалады. Қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдарын кеңінен қолдану және саяхат жасау мүмкіндіктердің артуы адамдар арасындағы халықаралық өзара әрекеттестіктің кеңеюіне себеп болуда.

Жүйенің акторлары арасындағы өзара әрекеттесу аймағы мен тығыздықтың артуы жүйе тұрғысында маңызды саяси нәтижелер беруде. Мәселен, Либералды өзара тәуелділік теориясы, экономикалық жағынан бір-біріне тәуелді мемлекеттер арасындағы ауқымды соғыстардың болу ықтималы барған сайын азайып жатқанын айтуда (Rourke, 1999: 60).

Күш/қуат қатынастары/байланыстары

Жүйенің жұмысына әсер ететін тағы бір фактор - жүйедегі күш қатынастары. Жүйеде күш қатынастарын үш жағынан қарастыруға болады: жүйедегі полюстер саны, күштің тығыздығы, күш өзгерістері (ауысымдары).

а. Жүйеде полюстер саны. Көптеген халықаралық саясат теоретиктері (әсіресе реалистер) жүйенің жұмысына әсер ететін негізгі фактор жүйедегі күш орталықтарының санына байланысты деп санайды. Жүйедегі полюстерінің саны жүйедегі күшті мемлекеттердің санына байланысты анықталады. Бұл жағдайда тек бір күш болған жүйе бір полярлық жүйе, екі күшті мемлекет болса биполярлық жүйе деп аталады, ал екіден көп күшті мемлекеттер бар жүйелер көпполярлы жүйелер деп аталады.

Жүйедегі полюстер санының жүйенің жұмысына әсерін көру үшін осы жүйелердегі өзара әрекеттестіктердің болмысын салыстыру қажет. Бірполярлы жүйе жоғарыда айтылғандай бір ғана мемлекет жаһандық гегемонияға жеткен кезде туындайды. Осы уақытқа дейін бірде-бір мемлекет бұл жүйені жалғыз өзі басқаратын күшке ие болған жоқ. Алайда, мұндай жүйе иерархиялық жүйе болады, ал гегемон жүйенің ережелерін тек өзі анықтайды деп айтуға болады. Егер жүйе биполяр болса, онда жүйеде мүлдем басқа ережелер қолданылады деп айта аламыз. Мұндай жүйелерде екі қуатты мемлекет және олардың айналасында топтасқан басқа мемлекеттер болады. Мұндай жүйеде екі полюс бір-бірімен бақталас болады және әр полюс басқа полюсті жоюға тырысады немесе басқа полюске қатысты салыстырмалы күшін арттырады. Сондықтан, бір полярлы жүйеден айырмашылығы, бәсекелестікке негізделген өзара әрекеттестіктің бар екенін айтуға болады. Көпполярлы жүйе жоғарыда айтқан жүйелерге қарағанда күрделі болады деп айту қате болмас. Мұндай жүйе басқа екі жүйеге қарағанда тұрақсыз және одақтар жиі

өзгеретін жүйе болып табылады. Осыған сүйене отырып, кейбір ғалымдар бірполярлық жүйелер ең тұрақты және көпполярлы жүйелер ең тұрақсыз, әрі көп полярлы жүйеде соғыстың шығу ықтималы басқа жүйелерге қарағанда әлдеқайда жоғары деп тұжырымдайды (Rourke, 1999: 64).

б. Күш/Қуат тығыздығы. Жүйедегі полюстер негізінен күш орталықтары, бірақ барлық ірі мемлекеттердің күші бірдей деп айта алмаймыз. Бұл теңсіздік жүйенің жұмысына әсер етеді, өйткені жүйенің тұрақтылығы күштің ішінара полюстер арасындағы бөлінуіне қарай анықталады. Кейбір халықаралық саясаткерлердің пікірінше, егер күш биполярлық жүйеде аз немесе біркелкі бөлінсе, соғыс болу ықтималдығы жоғары. Бұл жағдай екі полюс үшін шабуыл сәтті болады деген бір түсініктің қалыптасуынан туындап отыр. (яғни кім бірінші болып шабуыл жасаса сол жеңіске жетеді деген түсінік). Сол сияқты, күштің тең бөлінбеуі жағдайында соғысудың қажеті болмайды, өйткені әлсіз жағы мойынсұнатын болады.

Басқалары керісінше пікір айтады. Олардың пікірінше, күштің полюстер арасында тең бөлінуі мемлекеттердің бір-біріне қарсы агрессивті саясат жүргізуіне жол бермейді, яғни олардың алдын алады. Бұл жүйенің орнықты болуына әкеледі (Rourke, 1999: 66).

Күш тығыздығы күштің мемлекеттер арасындағы таралуы емес, әртүрлі күш орталықтарының күштерінің бір-бірімен ара қатынасы, мөлшері.

с. Күш өзгерістері/ауысуы. Халықаралық жүйеде күш теңдігі әрқашан байқалатын жағдай емес. Басқа мемлекеттерге қатысты мемлекеттердің салыстырмалы күші уақыт өте келе өзгеруі мүмкін. Кейде мемлекеттердің күш жоғалтуы қатты болатыны соншалықты олар жүйеде полюс бола алмай **Қараптыбақ соғыс** кезінде Шығыс блоктың жетекшісі болған Кеңес Одағының 1991 жылы ыдырауы осы жағдайға мысал бола алады.

Жүйеде күштің ауысуын сезіну - жүйенің тұрақтылығына әсер ететін маңызды факторлардың бірі. Атап айтқанда, жүйеде үстемдік етуші мемлекеттің күшейе бастаған мемлекетке қарсы салыстырмалы түрде күшін жоғалтуы не әлсіреуі соғыстың басталуына себеп болуы мүмкін. Мұндай жағдайда **құлдырап баға** жатқан мемлекет салыстырмалы түрде көтеріле бастаған мемлекетке қарсы **алдын алу соғысын** бастауы мүмкін, немесе көтеріліп келе жатқан мемлекет басқа мемлекеттің күшімен тең болған кезде оған қарсы шығуы мүмкін (Goldstein, 1999: 86). Екі жағдай да жүйелік соғыстардың пайда болуына және жүйе құрылымының түбегейлі өзгеруіне себеп болады. Бұл көзқарас бойынша үлкен соғыстар, күштің бөлінуінен емес, мемлекеттер арасындағы күштердің ауысуының нәтижесі болып табылады (Mingst, 2008: 213).

Экономикалық қатынастар

Халықаралық жүйенің жұмыс істеуіне жүйедегі экономикалық қатынастардың болмысы да әсер етеді. Экономикалық қатынастар тұрғысынан үш мәселе ерекше маңызды: өзара тәуелділік, табиғи шикізаттар және мемлекетаралық даму айырмашылықтары.

а. Экономикалық өзара тәуелділік. Көптеген халықаралық саясат теориялары экономикалық өзара тәуелділік бейбітшілік пен тұрақтылыққа себеп бола ма, егер себеп болса қандай шарттарда жүзеге асырады деп айтысуда. Әсіресе, либералды дәстүрден туындаған теориялар, егер жүйедегі статус-квоны ұстанған мемлекеттер арасында өзара тығыз тәуелділік болса, бұл мемлекеттердің ревизионист мемлекеттерге қарсы ынтымақтастық мүмкіндіктері өте жоғары деп мәлімдейді. Демек, осындай өзара тәуелділіктің артуы халықаралық бейбітшілікті қамтамасыз етеді (Goldstein, 1999:354).

Өзара тәуелділікті тек экономикалық тұрғыдан түсінбеу керек. Экономикалық қарым қатынастың артуының нәтижесінде мемлекеттер саяси тұрғыдан да бір-біріне тәуелді бола бастайды.

б. Табиғи шикізаттар. Табиғи шикізаттың орны мен пайдаланылуы халықаралық жүйенің жұмысына терең әсер етеді. Бүгінгі таңда көптеген өнеркәсіпті елдер, әсіресе Америка Құрама Штаттары (АҚШ) мұнайға зәру. Таяу Шығыс мұнайының көп бөлігін тұтынатын елдер үшін мұнай шикізат көзі мен мұнайдың үздіксіз ағынын қамтамасыз ету өте маңызды (Duncan, 2004: 93). Ирактың 1990 жылы Кувейтке басып кіргеннен кейін қуатты өнеркәсіп елдердің Иракқа қарсы соғысуының басты себебі де осы мұнай болды.

Табиғи шикізаттың үш ерекшелігі осы шикізат көздерінің халықаралық қақтығыстардағы ролін анықтайды. Біріншіден, табиғи ресурстар индустриялық экономиканың жұмыс істеуі үшін өте маңызды. Екіншіден, табиғи ресурстар, мемлекеттер бақылау орнату үшін өзара бәсекелес болған белгілі бір аймақтарға шоғырланған. Үшіншіден, табиғи ресурстар жер бетіне біркелкі таралмаған. Кейбір елдер табиғи ресурстарға бай болғанымен, кейбір аймақтарда табиғи ресурстардың

ешқандай қоры жоқ (Goldstein, 1999: 485). Бұл жағдай, бір жағынан табиғи ресурстармен сауданы өте тиімді етеді, ал екінші жағынан табиғи ресурстар саудасының саясаттандырылуына себеп болады. 1973 жылғы Араб-Израиль соғысынан кейін Мұнай экспорттаушы елдер ұйымы (ОПЕК) Израильді қолдаған АҚШ пен Нидерландыға мұнай эмбаргосын жариялайды. Бұл мұнай бағасының көтерілуіне себеп болады. Бұл энергия ресурстарының саяси құрал ретінде қолданылуына мысал бола алады.

с. Мемлекеттер арасындағы даму айырмашылықтары. Әлемдегі мемлекеттер арасындағы даму айырмашылықтары халықаралық жүйенің жұмысына маңызды әсер етеді. Бұл, экономикалық тұрғыдан дамымаған Оңтүстік пен бай Солтүстік елдер арасында кей уақыттарда шиеленіске себеп болуда. Экономикалық тұрғыдан аз дамыған елдердегі саяси қысым, тұрақсыздық, халық санының өсуі және қоршаған ортаның ластануы сияқты проблемалар Солтүстіктің дамыған елдерге де таралып, қауіп төндіретін жағдайға келді. Әсіресе, кедейлік пен зорлық-зомбылық арасында тығыз байланыстың болуы дамыған елдерді алаңдататын жүйелік зорлық-зомбылықтың орын алуына жағдай жасайды (Rourke, 1999: 72).

Іс-әрекет немесе Мінез-құлық нормалары

Реалистердің пікірінше, халықаралық жүйеде мемлекеттердің үстінен тәртіп орнататын билік болмағандықтан, жүйе анархиялы болып, мемлекеттер анархиялы жағдайда күшке ие болуға тырысады. Бұндай пікір ішінара дұрыс. Либералдардың айтқандарындай, мемлекеттер бір-бірімен болған қатынастарын әдетте, көпшілік қабылдаған белгілі бір нормалар аясында жүргізеді.

Нормалар адамдардың екі негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін құрастырылған. Біріншіден, психологиялық тұрғыдан барлық адамдар дұрыс пен бұрысты, адамгершілік пен жамандықты ажырата білу мұқтаждығын сезінуде. Нормалар дұрыс пен бұрыс мінез-құлық ережелерін ажырата білуге көмектесетін ережелер. Екіншісі болса, адамдардың мінез-құлықтың тұрақты қалыптасуына сәйкестендіру қажеттілігінен туындайды. Барлық адамдар кездейсоқ және ретсіз іс-әрекеттерден туындауы мүмкін қиындықтарды жою үшін нормалар жасауға тырысады.

Халықаралық жүйеде мемлекеттер өздерінің іс-әрекеттерін реттеп, анархизмнен туындаған белгісіздікті барынша азайту мақсатында өзара іс-әрекет ережелерін орнатады. Бұл ережелер, әсіресе жекелеген мәселелер бойынша, мемлекеттердің іс-әрекетін реттеу арқылы белгісіздікті төмендетуге көмектеседі. Осы тақырыпқа мысал ретінде мемлекеттердің кейбір мәселелерде қалай әрекет етуін реттейтін *халықаралық режимдерді* келтіре кетуге болады.

Қазіргі халықаралық жүйенің жұмыс істеуіне әсер ететін факторлар не?

Халықаралық қатынастар теориялары және халықаралық жүйе

Либералистердің көзқарасы бойынша халықаралық жүйе

Либералдар халықаралық жүйенің құрылымы мен қызметі туралы реалистерден мүлдем басқаша ойлайды. Жүйелік талдау көптеген либералдар үшін талдаудың негізгі бірлігі болмағандықтан, либерал дәстүр аясында әртүрлі жүйе ұғымдарын кездестіруге болады. Бұл ұғымдарды үш айдар бойынша топтастыруға болады:

а. Халықаралық жүйе процесс ретінде. Классикалық және кейбір заманауи либералдар жүйені көптеген әр түрлі акторлардың арасындағы әрекеттесу процессі ретінде сипаттайды. Басқаша айтқанда, либералдардың пікірінше, жүйе құрылым емес, процесс. Бұл процессте көптеген акторлар (мемлекеттер, мемлекеттік емес акторлар) бір-бірімен тұрақты өзара әрекеттеседі. Бұл процессте мемлекеттердің мүдделері тек қауіпсіздік мәселелерін ғана емес, сонымен қатар көптеген экономикалық және әлеуметтік мәселелерді де қамтиды (Mingst, 2008: 82). Жүйені процесс ретінде таныған либералдар бұл жүйедегі акторлардың көптеген тұрғыдан бір-біріне өзара тәуелді және әр актордың өзге акторлардың іс-әрекетінен әсерленетіндігін айтқан. Осындай өзара тәуелділік басым болған жүйелерде акторларды бір-бірімен байланыстыратын әскери, экономикалық және әлеуметтік мәселелерді қамтитын көптеген механизмдер бар.

б. Халықаралық қауымдастық халықаралық жүйе ретінде. Британдық мектептің өкілдері болған Хедли Булл және Адам Уотсон сияқты либералдар халықаралық жүйені халықаралық қауымдастық ретінде тұжырымдайды. Бұл ойшылдардың пікірінше, халықаралық жүйе тәуелсіз саяси қауымдастықтар қалыптастырған құрылым, бірақ халықаралық қауымдастық бұның да тысындағы ұғым. Халықаралық қауымдастықта акторлар бір-бірімен өзара әрекеттеседі және олар ортақ ережелер мен институттардың барын және қоғамдағы әркімнің ортақ мүдделері барын мойындайды. Сонымен қатар, осы қауымдастықтың барлық мүшелері ортақ кімдікке,

бірегейлікке ие және «біз» түсінігі бар және осы ортақ бірегейлік халықаралық қауымдастықтың негізін құрайды (Mingst, 2008: 82).

с. Халықаралық жүйе анархиялық құрылым ретінде. Неолибералдардың халықаралық жүйе танымы Реалистердің жүйе танымымен бірдей. Неолибералдардың пікірінше, халықаралық жүйе анархиялық құрылым болып табылады және акторлар осы жүйеде өздерінің мүдделерін жүзеге асыруға тырысады. Бірақ Реалистерден айырмашылығы, Неолибералдар жүйеде болатын өзара әрекеттесулердің жалпы алғанда оң болатынын және халықаралық ұйымдар мемлекеттердің іс-әрекетін жұмсартыды деп пайымдауда (Baldwin, 1993: 4-5).

Либералдардың пікірінше, жүйелік өзгеріс болуы мүмкін және бұл өзгеріс технологиялық даму, мемлекеттердің басымдылық тәртібіндегі өзгерістер (қауіпсіздіктен экономикалық және басқа салаларға дейін) және мемлекеттік емес жаңа акторлардың жүйеде белсенділігінің артуының нәтижесінде болуы мүмкін (Mingst, 2008: 83).

Реалистердің пікірі бойынша халықаралық жүйе

Реалистердің жүйе туралы түсінігі либералдарға қарағанда айқынырақ. Реалистердің пікірінше, жүйе анархиялық және мемлекеттерді жоғарыдан ереже қойып басқаратын ешқандай күш жоқ. Әсіресе Неореализм, өз талдауларында жүйе ұғымына ерекше мән беріп, жүйе құрылымы мемлекеттің іс-қимылын шектейді деп санаған (Waltz, 1979). Неореализмнің жүйе ұғымына баса назар аударуы теорияны *Жүйелік Реализм* деп атауға себеп болды.

Реалистердің пікірінше, халықаралық жүйе күш тұрғысынан құрылымдалған және бір жүйені екіншісінен ажырататын ең маңызды ерекшелік жүйедегі поляризация. Жүйедегі күш орталықтары полюстер деп аталады, ал жүйенің қанша полюсті екендігі осы күш орталықтарының санына байланысты. Жоғарыда айтылғандай, осы полюстердің арасында күш ауыс-түйістері, өзгерістері болуы мүмкін және осы өзгерістерге байланысты жүйелік өзгеріс болады. Сондықтан, Реализмде жүйелі өзгерістер мемлекеттердің материалдық мүмкіндіктерінің (яғни күштің) өзгеруіне байланысты жүреді. Реалистер күштің мұндай ауысуын әдетте үлкен соғыстардың нәтижесінде жүзеге асады деп санайды. Нәтижесінде халықаралық жүйе бірполярлы, биполярлы немесе көпполярлы жүйеге айнала алады.

Марксистердің пікірі бойынша халықаралық жүйе

Марксисттер жүйені либералдар мен реалистерден мүлдем өзгеше түрде қарастырады. Олардың айтуынша, жүйенің құрылымын анықтайтын маңызды фактор жүйедегі *стратификация* болып табылады. Марксисттер стратификацияны «мемлекеттер арасында ресурстардың тең бөлінбеуі» (Mingst, 2008: 91) деп түсіндіруде. Бұл стратификация экономикалық ресурстар мен күштің таралуындағы теңсіздіктерге байланысты.

Марксистердің пікірінше, күш пен ресурстардың таралуындағы теңсіздік жүйедегі мемлекеттер арасында да бөлінуге алып келеді. Әсіресе, Оңтүстік және Солтүстік елдер арасындағы бөлінушілік осы стратификацияның ең маңызды нәтижесі болып табылады.

Марксисттер жүйедегі осы стратификацияның себебі ретінде капиталистік жүйені қарастырады. Олардың пікірінше, капитализм, мемлекетаралық қатынастар күштіні жақтайтындай етіп құрған. Бұл теңсіз қатынас әлсіз және кедей елдердің одан сайын кедейленуіне себеп болып, нәтижеде стратификация жоғары болатын аймақтарда қақтығыс қаупін артырады.

Осындай капиталистік жүйенің өзгеруіне қатысты марксисттер әртүрлі көзқарастарға ие. Кейбір марксисттер өзгерістің болатынына сенгенімен, бұның өте қиын түрде жүзеге асатынын айтса, ал басқалары бұл жүйені толығымен өзгерту мүмкін емес деп санайды (Mingst, 2008: 94).

Конструктивистердің пікірі бойынша халықаралық жүйе

Конструктивист ұстанымның реалистерден айырмашылығы халықаралық жүйені әлеуметтік тұрғыдан анықтайды. Конструктивистік пікір бойынша, нормалар, идеялар мен жалпы түсініктер халықаралық жүйенің құрылымын құрайды. Александр Вендтің пікірінше, жүйеде үстемдік ететін осы нормалардың болмысы жүйенің де қандай мәдениетке ие екендігін көрсетеді. Бұл жағдайда халықаралық жүйені үш түрлі мәдениет тұрғысынан анықтауға болады: Хобб, Локк және Канттық тұрғыдан. Жүйеде үстемдік ететін нормалардың өзгеруі жүйенің мәдениетін өзгертеді және бұл жүйелік өзгерістерге әкеледі (Wendt, 1999).

Жоғарыда келтірілген түсініктемелерден жүйелік талдауды көптеген теориялық тәсілдер қолданады. Жүйелік талдау микро деңгейде болып жатқан оқиғаларды түсіндіруге жеткіліксіз болса да, халықаралық оқиғаларды талдауда жалпылама жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, төменде айтылатындай, бұл әртүрлі халықаралық жүйелерді салыстырудың маңызды құралы ретінде көрінеді.

Марксистік теориялармен өзге теориялардың халықаралық жүйеге қатысты ұстанымдарын салыстырыңыз?

Халықаралық жүйенің эволюциясы

Бүгінгі халықаралық жүйе орталығы Еуропа болған Батыс өркениетінің жемісі. Халықаралық қатынастардың көптеген теоретиктері отыз жылдық соғысты аяқтаған 1648 жылғы Вестфалия шартын заманауи түсініктегі алғашқы халықаралық жүйенің құрылу күні ретінде көрсетеді. Осы келісім-шарт арқылы Еуропадағы діни биліктің орнына зайырлы билік келе бастады. Бұл өзгеріс халықаралық қатынастардың негізгі қағидаттары болып табылатын аумақтық тұтастық және егемендік-теңдік ұғымдарының пайда болуына себеп болды. Бүгінгі ұлттық мемлекетті анықтайтын осы ұғымдарды кеңінен қолдану қазіргі халықаралық жүйенің қалыптасуына әкелді.

Вестфалиялық тәртіп - бұл Батыс өркениетінің қайнар көзі болған ежелгі грек мәдениетінің өнімі ғана емес, сол кездегі басқа өркениеттердің де өнімі. Сондықтан халықаралық жүйенің тарихи талдауы Вестфалияға дейін болған осы өркениеттергеталдау жасауды қажет етеді.

Вестфалияға дейінгі халықаралық жүйе

Ұлт-мемлекет құрылмастан бұрын, халықаралық саясатта империялар, тайпалар немесе қала-мемлекеттер үстем болды. Вестфалияға дейінгі кезеңге өз ізін қалдырған және бүгінгі жүйенің қалыптасуына үлес қосқан өркениеттерді төмендегідей тізбектей аламыз:

Ежелгі Грек

Біздің дәуірімізге дейінгі 400 ж. өздерінің күш-қуатының шыңында болған гректер қала-мемлекеттердің аясында бірікті. Қазіргі Грекияда, Эгей аралдары мен Батыс Анадолыда құрылған қала-мемлекеттер бүгінгі Батыс мәдениеті мен саяси идеяларының қайнар көзі болды. Бұл мәдениеттің әсері, Жерорта теңізі, Анадолы түбегі, Италия, Оңтүстік Франция мен Солтүстік Африкаға тарады. Грек қала-мемлекеттері тәуелсіз саяси бірлестіктер ретінде сыртқы байланыстарын өздеріне тән түрде ұйымдастырды және осы мемлекеттердің әрекеттері Еуропалық мемлекеттік жүйеге үлгі болды (Mansbach, 1994: 29).

Грек қала-мемлекеттері қазіргі заманғы мемлекеттерден әлдеқайда шағын және бір-бірімен жиі қақтығысып жатты. Грек қала-мемлекеттерде өмір сүретіндер бір-бірімен қаны бір, мәдениеті бір туысқан болды, алайда саяси жүйе мен жер даулары бұл мемлекеттерді бір-бірінен бөліп тастады. Әсіресе, өзге қала мемлекеттерге үлкен ықпалы болған Афина мен Спарта арасындағы қақтығыстар сол кезеңдегі күш саясатының қаншалықты әсерлі болғанының көрсеткіші еді. Пелопоннес соғысы осы екі қала мемлекетінің арасындағы күш күресінің нәтижесінде пайда болды. Соғыс Афинаның жүйеде ықпалын тоқтатып, нәтижесінде Ежелгі Грецияның әлсіреуіне себеп болды.

Афина мен Спарта арасындағы күш күресі және осы күрестің соңында пайда болған соғыс сол кездегі қала-мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастың жалғыз әдісі емес еді. Күш күресімен бірге өзге мемлекеттер бір-бірімен бейбіт қарым-қатынас орнатты әсіресе экономикалық қатынастарын дамыта түсті (Mingst, 2008: 16).

Ежелгі грек қала-мемлекеттері арасындағы күш күресі реалистік теория тарапынан жиі қолданды және теорияға негіз ретінде ұсынылды. Реалистердің пікірінше, Пелопоннесоғысы мемлекеттер арасындағы соғыстардың себептері туралы көптеген пікірлерді ойға салады. Сонымен қатар, кейбір авторлар әлемді екі полюске (АҚШ және Кеңес Одағы) бөлген қырғи қабақ соғыс кезеңі мен Афина мен Спарта арасында бөлінген қала-мемлекеттер арасында байланыс орнатады.

Императорлық Қытай

Қытай – ең ежелгі және ең бай өркениеттің бірі. Қытай өркениеті Батыс тәжірибесінен өзгеше дамыды. Қытайдағы халықаралық саясат туралы идеялар Батыстағыдан өзгеше қалыптасты. Қытайдағы сыртқы қатынастар туралы пікірлер **Чоу әулеті** кезінде (б.з.д. 1027-221 жж.) ежелгі гректерден бұрын пайда болды. Бұл идеяларды кейінірек, біздің эрамызға дейінгі 6 ғасырда Конфуций қайта өңдеп, кеңейтті.

Қытайдың мәдениет пен тілге негізделіп құрылған империялық мемлекеттік құрылымы қытай билеушілеріне, бөлінген кезде де, ортақ және біртұтас кімдікті, бірегейлікті қамтамасыз етті (Mansbach ve Rafferty, 2008: 53).

Қытайлықтардың халықаралық саясатқа көзқарасы Қытайды әлемнің орталығы Орта Патшалық, ал Аспан Ұлы деп аталған Қытай императоры бүкіл ғаламның билеушісі екендігі туралы сенімге негізделген. Нәтижесінде қытайлар, ғаламды саяси түрде орталықтанған және иерархиялық тұрғыдан ұйымдастырылған және бүкіл адамзат Қытай императорының құлдары деген сенімге ие еді (Mansbah, 1994: 32). Бұл көзқарастың, Фукидидпен бірге Батыста қалыптаса бастаған және ғалам

тәуелсіз және бәсекелес саяси субъектілерден құралған және бұл субъектілердің үстінде жоғары билік жоқ деген пікірге қайшы келетіні айдай айқын. Қытайлықтардың халықаралық саясатқа деген көзқарасы төңірегіндегі тек Корея сияқты ұсақ елдерге ғана әсер етті, ал Қытай императоры бұл елдер үстінде белгілі бір дәрежеге ие болды.

Бұл сенімнің халықаралық саясат тұрғысынан маңыздылығы, қытайлықтардың ішкі және сыртқы саясатты ажыратпауында болып отыр. Олардың пікірінше, бүкіл адамзат, қытайлық болсын, болмасын императордың құлдары және конфуцийшілдік нормаларға сәйкес басқарылуы тиіс. Басқарушының міндеті - варварларды конфуций қағидаларына сай тәрбиелеу (Mansbach, 1994: 33). Сондықтан, қытайлықтардың халықаралық саясатқа деген көзқарасы Конфуцийдік мықты этикалық нормаларды қамтиды.

Жоғарыда айтылған қытайлық түсініктерді бүгінгі күні Қытай сыртқы саясатында көруге болады. Көптеген қытайлықтардың пікірінше, Қытайдың мәдени үстемдігі жалғасуда және Жапонияның экономикалық немесе Батыстың әскери үстемдігі екінші дәрежелі мәнге ие. Сонымен қатар, қытай басшыларының көпшілігі Қытайдың аймақ елдеріне қатысты құқықтары мен міндеттері бар деп санайды.

Рим империясы

Көптеген грек қала-мемлекеттері кейінірек Рим империясының қол астында бірікті. Рим империясы (б.з.д. 50 – б.д. 400 жж.) ірі саяси құрылымдардың негізін қалаушы болды. Рим империясы, Еуропаның үлкен бөлігіне, Азияның Жерорта теңізі бөлігіне, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкаға күш қолдану арқылы тәртіп пен бірлікті қамтамасыз етіп ірі империяға айналды.

Рим лидерлері өздері жаулап алған аймақтардағы әртүрлі саяси құрылымдарды - тайпалар, патшалықтар мен мемлекеттерді өз ықпалының аясында ұстауға тырысса, екінші жағынан шекараларын көшпелі халықтардың шабуылынан сақтауға тырысты.

Сонымен бірге, Рим басшылары басқарудың өздеріне тән ерекше формасын жетілдірді. Олар әсіресе жергілікті әкімдерді өз аймақтарының істерін реттеуде өз еркіне қалдырды (Mingst, 2008: 16).

Осы кезеңде пайда болған көптеген ойшылдардың идеялары империяны теориялық тұрғыдан қолдады және бүгінгі халықаралық саяси теориялардың негізін қалыптастырды. Атап айтқанда, Марк Туллий Цицеронның (б.з.д. 106-43 жж.) идеялары империяның әртүрлі аймақтарын біріктірудің қажетті тетіктерін ұсынуы тұрғысынан маңызды. Цицерон халықтарды бүкіл адамзатқа қолдануға болатын заң аясында біріктіруді жақтады, бірақ сонымен бірге билеушілерге империяның ресурстары мен шекараларын кеңейту арқылы мемлекеттің қауіпсіздігін жалғастыруға кеңес берді. Нәтижесінде Рим империясында өмір сүргендер жергілікті бірегейлікті сақтай отырып, орталық билікке, күшке бірікті (Mingst, 2008: 18).

Рим империясы 5-ғасырда құлаған кезде Еуропада күш пен биліктің орталықтандырылмаған бір құрылымға айнала бастағанын көреміз. Сонымен бірге, саяси элиталар, көпестер және қарапайым адамдар арасындағы саяхат, сауда және байланыс арналары арқылы өзара әрекеттестік артқан кезеңі басталды.

Біздің дәуіріміздің 1000 жылға қарай Рим империясының қирандыларында үш ұлы өркениет көтеріле бастады. Бұл өркениеттердің алғашқысы - Таяу Шығыс, Иран, Солтүстік Африка және Иберия түбегінде үстемдік еткен араб өркениеті. Саяси және діни билікті білдіретін халифаттың басшылығымен араб өркениеті математика мен технологиядағы жетістіктері арқылы сол заманның әлеуетті күші, әрі ең өркениетті елге айналды (Mansbach ve Rafferty, 2008: 53). Тағы бір өркениет – орталығы Стамбул болған православ христиандықтың төңірегінде біріккен Византия империясы. Соңғысы Рим империясының құлдырауымен бірге орталық биліктен ада болған Еуропаның қалған бөлігі.

Орта ғасырлардағы Еуропа

Орта ғасырларда Батыс Еуропадағы көптеген мемлекеттер **феодалдық** княздықтарға бөлінді. Бұл кезеңдегі ең ықпалды құрылым Шіркеу болды, ал қалған барлық құрылымдар жергілікті сипатты болды. 8-ғасырдың аяғына таман қазіргі Франция территориясында өмір сүрген франктердің жетекшісі Карлус Магнус (Charlemagne) (742- 814) шіркеудің билігіне қарсы тұра бастады. Осыдан кейін Рим Папасы Charlemagne-ды Батыс Еуропаны Византияға қарсы біріктіруге рұқсат етіп, оны Қасиетті Рим империясының көсемі етті. Алайда діни билік пен зайырлы билік арасындағы қақтығыс ұзақ жылдарға дейін жалғасты.

Біздің дәуіріміздің 1000 жылдан бастап пайда бола бастаған зайырлы тенденциялар Еуропада

феодализмнің децентрализациясын да, христиан билігін де бұза бастады. Осы кезеңде сауда қатынастары да, адамдар арасындағы байланыс мүмкіндігі де тез арта бастады. Экономикалық белсенділіктің ұлғаюы әсіресе Солтүстік Италияның ежелгі

Грециядағыға ұқсас Генуя, Венеция, Милан және Флоренция сияқты қалалардың жандануына себеп болды. Осы қала-мемлекеттер арасындағы сауда қатынастары біраз уақыттан кейін коммерциялық қызметті реттеуге бағытталған дипломатиялық тәжірибелердің пайда болуына себеп болды. Қала-мемлекеттер бір-біріне тұрақты өкілдер жібере бастайды және коммерциялық дауларды шешу үшін құрылған арнайы консулдар қазіргі заманғы дипломатияның бастаушылары болып саналады. 16 ғасырдың ортасында, өзі де дипломат болған және реалистік ойлауға өзіндік ізін қалдырған Никколо Макиавелли өзінің «Принц» деген еңбегін осы кезеңде жазды. Христиандық одақтың утопия екенін түсінген Макиавелли көшбасшылардың өздерінің саяси мүдделерін көздеуі керек екенін уағыздады. Кейіннен дипломатияның бұл жаңа түрі Орталық және Батыс Еуропада тарала бастады (Lamborn ve Lergold, 2003:137).

1500-1600 жылдардағы экономикалық және технологиялық өзгерістер жаңа әлеуметтік таптардың пайда болуына әкелді. Бұл таптардың ең маңыздысы - мүдделері өздері өмір сүретін елдердің шегінен асатын саудагерлер еді. Бұл тап шіркеудің ықпалынан арылып, трансұлттық тәжірибе жинап, өнерге, философия мен тарихқа қызығушылық таныта бастады. Бұл топ өздерінің экономикалық белсенділігі нәтижесінде қол жеткізген байлықтың арқасында Қайта өрлеу кезеңінің маңызды акторына айналды. Осы сыныптармен бірге пайда болған жазушылар мен ойшылдар ежелгі Грек және Рим ойларын жаңғыртып, тарата бастады.

Осы жылдары географиялық ашылулардың көбеюі көптеген адамдардың Жаңа әлемге (Америка) қоныс аударуына себеп болды. Феодалдық тәртіптің шайқала басталуымен Франция, Англия және Испаниядағы билік күшті көшбасшылардың қолына өте бастады және абсолютті монархиялар құрыла бастады. Биліктің орталықтандырылуы осы империяларда өмір сүретін адамдардың ашу-ызасына себеп болып, көтерілістер шыға бастады. Еуропаның қалған бөлігі, керісінше, зайырлылық пен діншілдік туралы пікірталасқа кірісті, ал бұл христиан дінін католицизм мен протестантизм арасында бөлуге алып келді (Mingst, 2008: 23).

Еуропадағы бұл діни жанжал Қасиетті Рим империясы төңірегінде топтасқан католиктік мемлекеттер мен Солтүстік Еуропаның протестанттық мемлекеттері құрған коалиция арасында басталды. Нәтижесінде, 1618 жылдан 1648 жылға дейін созылған отыз жылдық соғыс болды.

Протестанттық коалиция тек протестант мемлекеттерден тұрмайтын еді. Бұл коалиция құрамында Франция сияқты кейбір католиктік мемлекеттер де болды.

Еуропаны күйреткен соғыс қимылдары көбінесе қазіргі Германия территориясында жүргізілді. Соғыс 1648 жылы Вестфалия шартына қол қоюмен бітті. Бұл келісім шарт мемлекеттердегі зайырлы және діни билік арасындағы қақтығыстарды тоқтатып, зайырлы биліктің жеңіске жеткенін жариялады. Келісім-шарт халықаралық қатынастардың жүзеге асырылуына қатты әсер етті (Snow ve Brown, 2000: 74).

Вестфалиядан бұрынғы кезеңде қазіргі түсініктегі халықаралық жүйе туралы неліктен сөз қозғай алмаймыз?

Пост-Вестфалия халықаралық жүйесі

Вестфалия шартының халықаралық саясат тұрғысынан маңыздылығы оның егемендік ұғымын қабылдауында болып отыр. Қазіргі халықаралық қатынастардың негізгі ұғымдарының бірі болған егемендік қағидасы - Вестфалияға алып баратын маңызды интеллектуалды даму. Егемендік қағидасы француз ойшылы Жан Бодиннің (1530-1596) еңбектерімен кең танымал болды. Францияда феодализмнің күйреуімен басталған тәртіпсіздік пен жүгенсіздікті бақылаған Бодин бұл жағдайдың себебі ретінде мықты көшбасшылардың жоқтығын атап көрсеткен. Бодин тығырықтан шығар шешім ретінде «заңмен шектелмеген және өз азаматтарының үстінен бақылайтын жоғары билікке ие» басқарушыларды ұсынды. Оның айтуынша, тек осындай басқарушылар тәртіпті сақтай алады (Snow ve Brown, 2000: 39). Бодин егемендікті абсолютті және тұрақты билік ретінде сипаттаған. Бодиннен бір ғасыр өткен соң Англияда өмір сүрген Томас Гоббс да бейбітшілік пен тәртіпті орнатуда абсолютті биліктің қажеттілігін атап өтті. Ол, азаматтар бір келісім арқылы барлық саяси билікті қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету үшін басқарушыларға беруді жақтаған (Mansbach ve Rafferty, 2008: 63).

Гоббс пен Бодиннің тәртіпті сақтау мақсатымен мемлекет үшін айтқан егемендік ұғымы Вестфалия арқылы мемлекеттер арасындағы қатынастарға да қолданылатын қағидаға айналды.

Алдыңғы тараулардан көріп отырғанымыздай, егемендік қағидасы мемлекеттен жоғары қандай да бір биліктің болмағанын білдірмекте. Бұл да жүйенің анархиялы болуына себеп болуда.

Вестфалияның екінші маңызды салдары, сол кезден бастап мемлекеттер өздерінің тұрақты әскерін құра бастады және осы әскердің арқасында билеушілер өз билігін орталықтандырды.

Ақырында, Вестфалия, 19-ғасырға дейін халықаралық жүйеге үстемдік еткен мемлекеттер тобының пайда болуына себеп болды. Австрия, Ресей, Пруссия, Англия, Осман империясы және бүгінде Нидерланды мен Бельгия деп аталатын құрама штаттардан тұратын мемлекеттер, осы топтың ең маңызды мүшелері болып табылады (Mingst, 2008: 25).

Вестфалия шартымен мемлекеттің халықаралық саясаттың негізгі акторлары болуы қазіргі мағынада халықаралық жүйенің бастамасы ретінде қарастыруға болады. Халықаралық жүйе сол кезден бастап дамып, қазіргі қалпына келді. Бұл эволюцияның жылдамдығы 18 ғасырда арта бастады. 1700-1900 жылдар арасында болған оқиғалар мен орныға бастаған ұстаным қалыптары, халықаралық жүйенің құрылымын және жұмысын қалыптастырды.

Вестфалия шарты, қазіргі түсініктегі халықаралық жүйенің тууы ретінде қабылданғанымен, келісімшартқа қол қойылған 1648 жылдан бастап Француз революциясына дейінгі кезеңде заманауи халықаралық жүйе болды деп айту мүмкін емес. Бұл кезең, заманауи мағынадағы ұлт-мемлекеттердің енді қалыптаса бастаған кезеңі. Сонымен қатар, ұлтшылдық сияқты заманауи идеологиялардың пайда болуы үшін 1776 жылғы американдық және 1789 жылғы француз революцияларын күту керек болды.

Американдық және француздық төңкерістер **Ағартушылық дәуір** идеяларының нәтижесінде пайда болды. Джон Локк және Жан-Жак Руссо сияқты ойшылдар жеке тұлғаларды рационалды тұлға ретінде көрді және абсолют режимдерге қарсы тұра бастады. Локк, корольдардың Тәңірден келген құқық және абсолютті билікке ие деген сеніміне қарсы болды, мемлекет рационал тұлғалар тарапынан, жеке адамның табиғи құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін құрылған институт екенін айтады. «Оның айтуынша, билеушілердің заңдылығы қол астындағылардың келісіміне, ризашылығына негізделеді» (Mingst, 2008: 27). Американдық және француздық революциялар осы пікірлердің таралуын тездетті. Осы күннен кейін егемендік корольға емес, халыққа тиесілі деген түсінікті ұстанған демократиялық режимдер орнатыла бастады.

Осы кезеңде әсіресе американдық және француздық төңкерістермен бірге пайда болған екінші маңызды ұғым - ұлтшылдық ұғымы болды. Бұл ұғым жоғарыда аталған егемендік ұғымының өзгеруімен пайда болды. Егер егемендік халыққа тиесілі болса және егер халық мемлекеттің иесі болса, бұл олардың мемлекетпен эмоционалды байланысы бар екенін және мемлекетті қолдау жауапкершілігін жүктейтінін білдіреді (Rourke, 1999: 28). 17-18 ғасырларда пайда болған заңдылық пен ұлтшылдық қағидалары одан кейінгі ғасырларда пайда болған саяси жүйелерге және сол арқылы халықаралық жүйеге әсер етті.

XIX ғасырдағы халықаралық жүйе

Францияда 1799 жылы басталған Наполеон дәуірі 1815 жылы Наполеонның жеңілісімен аяқталды. Наполеон соғысы аяқталғаннан кейін шақырылған Вена конгресі Еуропада бейбітшілікке қол жеткізді және Австрия, Британия, Франция, Пруссия және Ресей басшылығымен көпполярлы жүйе пайда болды. 19 ғасырда Еуропа, *Еуропалық гармония* деп аталатын салыстырмалы бейбітшілік кезеңіне кірді және 1854 жылғы Қырым соғысына дейін бұл ұлы державалар арасында ешқандай соғыс болмады.

Осы кезеңде салыстырмалы түрде бейбітшілікке қол жеткізілгенімен, экономикалық, технологиялық және саяси өзгерістер қоршаған ортаны түбегейлі өзгерте берді. 1870 жылы Италияның және 1871 жылы Германияның бірігуі осы кезеңдегі ең маңызды саяси оқиғалардың бірі деп санауға болады. Сонымен қатар, Осман империясы осы кезеңде біртіндеп ыдырай бастады, 1829 жылы Греция және 1856 жылы Румыния тәуелсіздік алды.

Осы кезеңде пайда болған және жүйеге түбегейлі әсер еткен экономикалық, саяси және әскери өзгерістерге қарамастан, жүйеде бейбітшіліктің салыстырмалы түрде жалғасуы белгілі бір жағдайлардың болуымен түсіндірілуі мүмкін. Біріншіден, жүйедегі ірі күштер, еуропалық, христиандық, өркениеттік және ақ нәсіл ұғымдарының айналасында топтасты. Бұл ұғымдар оларға ортақ бірегейлік, кімдік беріп, олардың арасындағы қақтығыстардың алдын алды. Екіншіден, халық көтерілістерден қорқу бұл күштерді бір-біріне жақын ұстады. Үшіншіден, осы кезеңдегі өнеркәсіптің жедел дамуы ірі күштер арасындағы қақтығыстардың алдын алатын фактор ретінде

пайда болды. Өнеркәсіптік революция ірі күштердің экономикалық және әскери мүмкіндіктерін арттыруға себеп болды. Күштің тең бөлінуі мемлекеттердің бір-біріне шабуыл жасауының алдын алды. Бұл мемлекеттердің өсіп келе жатқан әскери және экономикалық потенциалын империалистік мақсаттарға бағыттауға себеп болды. Бұл кезең Еуропаның экономикалық, мәдени және саяси себептермен әсіресе Азия мен Африкада империалистік экспансиясын күшейткен кезең болды (Mingst, 2008: 29).

Еуропалық гармония кезеңіндегі халықаралық жүйені ұжымдық қауіпсіздік жүйесі ретінде сипаттауға болады. Статус-квошы ірі мемлекеттер жүйені қорғау туралы ортақ мәмілеге(консенсусқа) қол жеткізді және жүйені өзгертетін кез келген әрекетті бірге тоқтатуға келісімге келді. Бұл жағдай қандай да бір жазбаша және ресми келісіммен кепілге алынбағанымен, кем дегенде 1870 жылдарға дейін жүйеде тұрақтылықты қамтамасыз етті.

Жоғарыда айтқанымыздай, елдің ішінде де, халықаралық деңгейде де түбегейлі өзгерістер болды, монархтардың осы жаңа күштерге қарсы тұруы барған сайын қиындай түсті. Бұл өзгерістерді ұлттық және халықаралық деңгейде деп екі топқа бөлуге болады.

Ұлттық деңгейде болып жатқан маңызды өзгерістердің бірі - жаңа саяси идеологиялардың таралуы болды. Егемендік қағидасы ұлтшылдықтың дамуымен қатар бүкіл Еуропада тез тарала бастады. Осы кезеңде пайда болған марксизм де саяси пікір- таластарға жаңа бағыт әкелді.

Саяси пікір-таластардың негізгі акторлары ескі режимді сақтап қалуды жақтайтындар мен егемендік пен ұлтшылдық идеяларынан әсерленіп жеке тұлғалардың билікке қатысуын жақтайтын топ болды. Сонымен бірге Еуропаның экономикалық инфрақұрылымына өнеркәсіптік революция түбегейлі әсер етіп, жүйелік өзгерістерге жол ашты. Өнеркәсіптік революция алдымен, ауылдардан индустриялық орталық қалаларға көшуді жеделдету арқылы демографиялық құрылымды өзгертті. Екіншіден, ескі жүйеден көп пайда көрген ақсүйектерге қарсы кәсіпкер, капиталист ауқаттылар сыныбының пайда болуына себеп болды. Бұл топтар арасындағы саяси қақтығыстар, 19 ғасырдағы жүйенің күйреуінде маңызды рөл атқарды.

Бұл кезеңде халықаралық деңгейде пайда болған ең маңызды оқиға - отаршылдықтың күшеюі болды. Алайда, отаршылдық XIX ғасырдың көп бөлігі үшін маңызды проблема болған жоқ. Өйткені Азия мен Африкада отарлауға болатын аймақтардың болуы мемлекеттердің қақтығысын болдырмады. Бірақ ғасырдың соңына қарай барлық отарлардың бөлісіп алынуы және жаңа отарлық аймақтардың болмауы мемлекеттер арасындағы отаршылдық бәсекелестіктің қақтығысқа айналуына себеп болады (Snow ve Brown, 2000: 86).

19 ғ. жүйенің аяқталуына кейбір маңызды оқиғалар әсер етті. Осы оқиғалардың алғашқысы - 1853-1856 жылдардағы Қырым соғысы. Қырым соғысы Ұлыбританияның *Еуропалық гармонияда* күш тепе-теңдігін сақтауға деген күш-жігерін көрсету тұрғысынан да маңызды. Осман империясы мен Ресей арасындағы соғыста Ұлыбритания мен Франция Осман империясын қолдады және соғыс Ресейдің жеңілісімен аяқталды. Ұлыбритания мен Францияның Осман империясына қолдау көрсетуінің басты себебі Ресейдің соғыстан жеңіспен аяқтап, салыстырмалы түрде күшін артыруына, осылайша күш тепе-теңдігінің бұзылуын алдын алу болды. Ұлыбритания 1877-1878 жылдардағы Осман-Ресей соғысында да дәл осындай себептермен Осман империясын қолдады. Тағы бір маңызды оқиға 1870 жылы Француз-Пруссия соғысы болды. Соғыс, жеңіске жеткен Пруссияның (кейін бірігіп Германия болды) Эльзас-Лотарингия аймағын Франциядан алып, күш тепе- теңдігін Германияның пайдасына шешілуіне себеп болды. Бұл соғыс, ұжымдық қауіпсіздікке негізделген *Еуропалық гармония* жүйесінің күйреуіне себеп болуы тұрғысынан өте маңызды болды. Соңында, 19 ғасырдың аяғына таман отаршылдық бәсекелестіктің күшеюі жүйенің күйреуіндегі маңызды қадам болды (Lamborn ve Lepgold, 2003: 172).

Күш тепе-теңдігі мен ұжымдық қауіпсіздікке негізделген *Еуропалық гармонияның* әлсіреуі, әсіресе 1870 жылдан кейін, ұжымдық қорғаныс пен одақтарға негізделген жүйеге айнала бастады. 1882 жылы Германия, Австрия және Италия Үштік Одақ құрды, 1893 жылы Франция мен Ресей екіжақты одақ құрды. Британия алдымен 1904 жылы Жапониямен және 1904 жылы да Франциямен одақ құрды (Entente Cordiale). I дүниежүзілік соғыстың алдында әлем, Англия, Франция және Ресей құрған одақ (кейінірек Италия мен АҚШ қосылып, бұл топ *Келісім мемлекеттері* деп аталды) және Германия, Австрия-Венгрия және Осман империясы құрған одақ (*Одақ мемлекеттері*) арасында бөлінеді.

Осындай альянстарға негізделген ұжымдық қорғаныс жүйесі қандай да бір жолмен ірі мемлекеттерді бір-бірімен байланыстырды және Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуында маңызды рөл атқарды. Бірінші дүниежүзілік соғыс 19 ғасыр жүйесін күйретіп жаңа жүйенің пайда

болуына себеп болды. 1914 жылы австриялық князь Франц Фердинандтың бір сербтің қастандық шабуылына ұшырап қаза болуы, Австрияның Сербияға шабуыл жасауына алып келді. Бұл Сербиямен одақтас болған Ресейдің, артынша Ресейдің одақтастары болған Франция мен Ұлыбританияның Австрияға қарсы соғыс жариялауына себеп болды. Австриямен одақтастық келісімі болған Германия содан кейін Осман империясы соғысқа кірді, соғыс әлемдік соғысқа айналды.

Екі соғыс арасындағы халықаралық жүйе

Бірінші дүниежүзілік соғыс халықаралық жүйеде маңызды өзгерістерге себеп болды және XIX ғасыр жүйесін түбегейлі өзгертті. Біріншіден, жүйеде күшті бөлу өзгерді.

19 ғ. күш тепе-теңдігінің негізгі акторлары болған үш империя Ресей, Австрия-Венгрия және Осман империясы ыдырап, орнына жаңа үкіметтер құрылды немесе территориялары шағын мемлекеттер арасында бөлінді.

Соғыстан кейінгі кезеңге өз ізін қалдырған ең маңызды тұлға АҚШ президенті Вудроу Вилсон болды. Кейінірек Реалистердің «Идеализм» деп атаған пікірдің жақтаушысы болған Вилсонның бірінші мақсаты мұндай соғыстардың қайталануына жол бермейтін ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру болды. Ұлттар лигасы - осы мақсатта құрылған жахандық ұйым. Алайда, ұйымның саяси салмағы, өз міндеттерін орындау үшін қолданатын құқықи құралдары мен заңдылығына байланысты проблемалар осы жаңа жүйенің өте қысқа мерзімде күйреуіне себеп болды. Бүкіл осы проблемалардың барлығы жүйеде жаңадан пайда болған АҚШ пен Кеңес Одағы секілді екі ірі мемлекеттің ұйымда болмауымен одан сайын қиындай түсті.

Вилсон және оның әріптестері бейбітшіл әлем туралы ұстаным қалыптастыруға тырысқанымен, екі соғыстың арасындағы кезең әлем тарихындағы ең тұрақсыз кезеңдердің бірі болды. Әлемдік экономикадағы проблемалар 1929 жылы Ұлы депрессияға алып келді және Германия өзіне жүктелген Версаль келісімін бұзуға мүмкіндік ады. 1930 жылдары әлем Вилсонның идеясынан мүлдем басқа түрге енді.

Екі соғыстың арасындағы халықаралық жүйені жасанды көп полярлы жүйе деп атауға болады. Бұл жүйедегі маңызды державалар: Ұлыбритания, Франция, Германия, Жапония, Италия, АҚШ және Кеңес Одағы болды. Алайда, бұрын да байқалғандай, АҚШ пен Кеңес Одағы жүйеден оқшауланып, ұжымдық қауіпсіздік жүйесінен тыс қалды. Еуропадағы ірі мемлекеттер статус-квошылар және ревизионист болып екіге бөлінді. Статус-кво тараптары Ұлыбритания мен Франция соғыстан әлсіреп шыққан еді, олардың жүйедегі ықпалы айтарлықтай төмендеді. Сондықтан, ревизионист Жапония, Италия және Германияның экспансиялық және агрессивті саясатының алдын алуға күші де, ынта- ықыласы да жоқ еді.

Бұл кезеңдегі өрлеп келе жатқан идеология фашизм болды. Алдымен Италия, Жапония, содан кейін Германия мен Испания фашистік идеологияны қолдана отырып экспансионистік саясат жүргізе бастады. Жапония 1931 жылы Маньчжурияны, 1937 жылы Қытайдың қалған жерін, 1935 жылы Италия Эфиопияны жаулап алды. Ұлттар Лигасының осы ревизионист мемлекеттерге қарсы санкциясы өте әлсіз болды. Әсіресе, Германия 1933 жылы билікке келген Гитлердің басшылығымен қайтадан қарулану арқылы экспансионистік саясатты ұстана бастады. Ұлыбритания мен Франция тыныштандыру саясатын ұстанып, Германияның тілектерін орындады. Гитлер алғаш рет 1935 жылы Версаль тыйым салған міндетті әскерге шақыру жүйесін қайтадан қалпына келтірді. Сонымен қатар, «бір халық - бір мемлекет» қағидатын іске асыру үшін 1938 жылы Австриямен қосылды, 1939 жылы Чехословакияны басып алды (Оган, 2002: 404). Германияның 1939 жылы Польшаға басып кіруімен II-дүниежүзілік соғыс басталды. II- дүниежүзілік соғыс 1919 жылы басталған халықаралық жүйені аяқтады, биполярлық «қырғи қабақ» кезеңі басталды.

Қырғи қабақ соғыс кезеңіндегі халықаралық жүйе

II-дүниежүзілік соғыс Еуропа және халықаралық жүйе тұрғысынан маңызды өзгерістерге куә болды. Бір кездері ескі күш тепе-теңдік жүйесінің акторлары болған Еуропалық ірі державалар өз орындарын АҚШ пен Кеңес Одағына тәрк етті. Осылайша, Вестфалиямен бірге құрылған халықаралық жүйе аяқталды. Осы уақытқа дейін халықаралық жүйеде үстемдік еткен Ұлыбритания мен Франция физикалық және экономикалық тұрғыдан құлдырап, аймақтық күшке айналды. **Осы тік мемлекеттерден** Алмания мен Жапония жеңілгенен кейін басып алынды.

Еуропаның едәуір әлсіреуі әсіресе британдық және француз отарларында тәуелсіздік

талаптарының артуына себеп болды. Көптеген отар елдердің тәуелсіздігін жариялауы жүйеде акторлар санының артуына себеп болды.

АҚШ пен Кеңес Одағы соғыстан кейін жаңа супер күш ретінде пайда болды. Соғыс кезінде одақтас болған екі мемлекет арасындағы идеологиялық және ұлттық мүдделер қақтығысының пайда болуы, жүйенің осы екі держава арасында бөлінуіне себеп болды. Басқа мемлекеттер осы екі мемлекеттің айналасында топтасты немесе Қосылмау қозғалысына қосылды.

Қырғи қабақ соғыс кезеңіндегі қауіпсіздік жүйесі - бұл ұжымдық қауіпсіздік жүйесі болды және БҰҰ осы жүйенің ұйымы ретінде құрылды. Ұлттар лигасының сәтсіздігінен сабақ алған Біріккен Ұлттар Ұйымының маңызды органы Қауіпсіздік Кеңесінде veto қою құқығына ие тұрақты мүшелер АҚШ, Кеңес Одағы, Қытай, Ұлыбритания және Франция болды. Алайда, екі полюс арасындағы бәсекелестік екінші жағынан, ұжымдық қорғаныс жүйесін құрды және бұл жүйені әскери одақтармен нығайтты.

АҚШ пен Кеңес Одағы арасындағы әскери, экономикалық және саяси бәсекелестік кезеңі қырғи қабақ соғыс кезеңі деп аталды. Екі супер күш арасында тікелей жанжал болмаған бұл кезең 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырағанға дейін жалғасты. Бұл кезеңдегі әскери бәсекелестіктің маңызды көрсеткіші әскери одақтардың кеңінен таралуы болып табылады. АҚШ басшылығымен НАТО (1949) және Кеңес Одағы ықпалындағы мемлекеттерден құралған Варшава пактісі (1955) пайда болды.

Қырғи қабақ соғыс кезіндегі халықаралық жүйені екі кезеңде зерделеуге болады. Бірінші кезең - 1946-1962 жж. қамтылған және айтарлықтай тұрақсыз. Осы кезеңде екі супер күш арасында өз ықпал аймақтарын құру бәсекесі тым жоғары деңгейге жетті. Екі ел арасындағы шиеленіс 1962 жылы Кеңес Одағының Кубада ядролық зымыран орналастыру әрекеті және АҚШ-тың оған қарсы тұруымен әлемде ядролық соғыс қатері туындады. Куба дағдарысы деп те аталатын осы дағдарыстан кейін жұмсару кезеңі басталып, жүйе тез тұрақтана бастады.

Куба дағдарысы әлемге ядролық қарудың таралу қаупімен бірге әлемнің қандай қауіп қатердің алдында тұрғанын көрсету тұрғысынан маңызды әрі осы тұрғыда жүйенің тұрақтылығына елеулі үлес қосты. Қырғи қабақ соғыстың алғашқы жылдары екі елдің жылдам түрде қарулануының куәсі болды. Ядролық қару-жарақ осы қарулану жарысының маңызды бөлігі болды. Куба дағдарысы супер күштердің осы қару-жарактың ауқымын және ядролық соғыстың дүниені түпкілікті жойып жіберетінін түсінуге көмектесті. Екі ел де ядролық қару тұрғысынан тең болған және *тежеу* қағидаты қолданылған осы кезеңдегі күш тепе-теңдігі *үрей тепе-теңдігі* деп те аталады.

Қырғи қабақ соғыстың себептері жайында көптеген пікірлер бар. Бұл себептерді үш топқа бөлуге болады:

- **Мүдделер қақтығысы.** II-дүниежүзілік соғыстан кейін тек екі ірі державаның болуы олардың бір-біріне күдікпен қарауына себеп болды. Бұл сенімсіздік әр мемлекеттің әлемнің белгілі бір аймақтарында өздерінің ықпал ету аймағын құру саясатымен өзінің шыңына жетті және осы мемлекеттер арасында бәсекелестіктің пайда болуына себеп болды (Kegley ve Wittkopf, 1995: 88-89). Кеңес Одағы, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалғыз жолы Батыс пен Шығыс Еуропада буферлік мемлекеттер құру арқылы жүзеге асады деп санады. АҚШ болса, керісінше, Кеңес Одағының жан-жағын қоршаулауды бірінші орынға қойды. Осылайша, АҚШ *қаумалау саясатын* жүргізді және осы саясатты Кеңес Одағына географиялық тұрғыдан жақын елдермен одақтар құру арқылы жүзеге асыруға тырысты. Бұл саясат сонымен бірге АҚШ-тың Вьетнамдағы авантюрасының басты себептерінің бірі болды. 1947 ж. Труман доктринасы аясында Түркия мен Грецияға 400 миллион долларлық әскери көмек, 1948 ж. Еуропаға экономикалық жәрдем беруді қамтитын Маршалл жоспары, 1955 ж. Бағдат пактісі – АҚШ-тың қаумалау саясатын жүргізу үшін қолданған құралдар

- **Идеологиялық айырмашылықтар.** Екі мемлекеттің бір-біріне мүлдем қарама-қайшы идеологиялар ұстануы да қырғи қабақ соғыстың пайда болуында маңызды фактор. АҚШ демократиялық либерализмді экономикалық және идеологиялық тұрғыдан қабылдаса, Кеңес Одағы социалистік идеологияны қабылдады. Бұл идеологиялық айырмашылықтар әр мемлекеттің сыртқы саясатына бағыт бағдар беріп, екі мемлекет арасындағы бәсекелестіктің артуына себеп болды. АҚШ-тың коммунизм үрейі 1960 жылдары танымал болған Домино теориясымен ең шырқау шегіне жетті. Теорияға сәйкес, АҚШ басшылары бір мемлекеттің коммунизмнің бақылауына өтуі басқа мемлекеттерге де дәл сондай әсер ететініне және мемлекеттер домино тастары сияқты бірінен кейін бірі коммунизмнің ықпалына түседі деп сенді (Kegley ve Wittkopf, 1995: 89).

- **Жаңсақ түйсік/қабылдау.** Қырғи қабақ соғыстың себептері туралы үшінші пайымдама

екі мемлекеттің бір-біріне қатысты жаңсақ түсінікке ие болуы. АҚШ-тың барлық іс-әрекеттерін Кеңес үкіметі өздеріне қарсы дұшпандық әрекет ретінде қабылдаса, АҚШ та Кеңестік әрбір саясатты Кеңес өкіметінің әлемді жаулап алу жоспарының бір бөлігі ретінде қабылдады (Mingst, 2008: 39). Мұндай жаңсақ түсініктен туындаған алғашқы қақтығыс Корея соғысы болды.

1970 - 80 жж. Шығыс пен Батыс арасындағы шиеленісті бәсеңдеткен жылдар болды. Бірақ бұл жұмсарту шиеленістер ұдайы болмай қалды деген мағынаны білдірмеуі керек. 1979 жылы Кеңес Одағының Ауғанстанға басып кіруі екі мемлекет арасындағы шиеленісті арттырды, бұл 1980 жылы АҚШ президенті болған Рональд Рейганның Кеңес өкіметіне қарсы қайтадан қатал саясат ұстануға себеп болды. Осы себепті Рейган кезеңі «қырғи қабақ соғыстың екінші кезеңі» деп те аталады.

«Қырғи қабақ соғыс» жүйесі Реалистер болжағандай үлкен әлемдік соғыспен аяқталған жоқ. Қырғи қабақ соғыстың аяқталуы Кеңес Одағында болған қайта құрудың жемісі. Бұл қайта құру 1985 жылы Кеңес Одағы Коммунистік партиясының Бас хатшысы Михаил С. Горбачевтың кеңестік жүйені реформалауға бағытталған күш-жігерімен басталды. Горбачев билік басына келісімен саяси жүйені (гласность) реформалауға, экономикалық және бюрократиялық жүйені қайта құруға (перестройка) тырысты. Горбачев сыртқы саясатта да жұмсақ саясат жүргізді. Шығыс Еуропа мен Ауғанстанда әскери шығындарды азайтуға тырысты. Нәтижесінде бұл елдерден Кеңес Одағының әскери күштерінің шығарылу қажеттілігі туындады және бұл елдердің Кеңес Одағының қысымнан құтылуға мүмкіндік берді.

Горбачевтің мақсаттары бастапқыда шектеулі болғанымен, ол бастаған реформалар біраз уақыттан кейін бақылаудан шығып, Кеңес Одағының ыдырауына әкелді. 1989 жылы Берлин қабырғасының құлауы қырғи қабақ соғыстың аяқталғанын білдірді. 1989 жылдан бастап Шығыс Еуропада коммунистік режимдердің бірінен соң бірі құлауы, 1991-1993 жылдар аралығындағы Кеңес өкіметі егемендігіндегі елдердің өз тәуелсіздігін жариялаулары «қырғи қабақ соғыс» кезеңі халықаралық жүйенің жойылуына әкелді.

Деңгейлік тапсырмалар:

1 – Версаль-Вашингтон жүйесінің халықаралық қатынастар үшін маңызын білу

2—**деңгейлік сұрақ.** Халықаралық жүйелердің теориялық модельдері.

3—**деңгейлік сұрақ.** Халықаралық ынтымақтастықтың теоретикалық тұжырымдары?

3—деңгейлік сұрақ. Халықаралық қатынастар жүйесінің өзгеруіне жаһандану қалай әсер етеді?

ОБӨЖ тапсырмалары: Биполярлық жүйенің күйреуі және халықаралық қатынастар теориясының дамуы

БӨЖ тапсырмалары: Халықаралық жүйелер эволюциясы.

Негізгі әдебиеттер:

1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л. 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев

3.Diplomasi, 2015, Н. Kissinger.

4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi. 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.

6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan, 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор

8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов 9.Avrasya Çıkmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı

10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü demokrasi, 2015, J. P. Cormick

11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov

12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireçci M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül

13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин

14.Ресейдің сыртқы саясаты (ХІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басы), 2014, 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı

16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). **International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınlar

